

## Батыс Қазақстан облысының азаматтарына емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүруді ұсыну туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 4-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 шілдеде № 4472 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 40-6-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 09.12.2020 № 40-6-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өңірлік комиссиясының шешімімен ұсынылған жолдамамен медициналық көрсеткіштері бойынша жолданған Батыс Қазақстан облысының азаматтарына, сондай-ақ дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі - ДКК) қорытындысы болғанда науқасты алып жүруші тұлғага (бір адамнан артық емес) емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүру ұсынылсын.

Науқастың және оны алып жүруші тұлғаның (бір адамнан артық емес) медициналық көмек алуды жағдайында автомобиль, теміржол көлігімен жол жүру құнының төлемі жүргізілсін (екі бағытқа да).

2. ДКК қорытындысы бойынша тіршілік әрекеті шектеулі көрсетілімдері болған кезде медициналық көрсеткіштері бойынша емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге әуе көлігімен жолдануы жағдайында науқастың және оны алып жүруші тұлғаның (бір адамнан артық емес) жол жүру құнының төлемі толық көлемінде жүргізілсін (екі бағытқа да).

3. Әуе көлігіне ДКК-нің қорытындысында рұқсат болмаған жағдайда, медициналық көрсеткіштері бойынша емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге жолданған науқасқа және науқасты алып жүруші тұлғага (бір адамнан артық емес) теміржол көлігі жүрдек пойзының купелі вагоны билетінің орташа құнынан артық емес көлемінде төлем жүргізілсін (екі бағытқа да).

4. "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі науқастардың емделуге және оларды алып жүруші тұлғага жол жүру құнының төлемін жүргізсін (келісім бойынша).

5. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Сұлтанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы

C.Сүлеймен  
M. Құлшар

К е л і с і л д і :

"Батыс  
денсаулық  
мемлекеттік  
К. Ирменов

Қазақстан  
сақтау  
мекемесінің

облысының  
басқармасы"  
басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және қызықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК